

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№20 (5527),
15 ақпан, бейсенбі, 2018 жыл.
almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

Газет 1988 жылдың
1 шілдесінен бастап шығады

АЛМАТЫ АҚШАМЫ

ISSN 2223-2370

9 772223 237006



Австрияның Зальцбург шаһарында оқып жатқан жиһанкез арнайы «Алматы ақшамы» үшін тікелей желіге шықты



● ЖУЗ ЖАҢА ЕСІМ

17

Мағжан САҒЫМБАЕВ, жиһанкез:

«САЯХАТҚА ЕҢ АЛҒАШ ҮШ ЖАСЫМДА ШЫҒЫППЫН»

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық макаласы аясында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына Алматы қаласынан ерекше даралығымен енген жиырма шақты азамат бар. Солардың бірі – Мағжан Сағымбаев.

Мағжан Талапұлы – велосипедпен еліміздің Түнін көтеріп, 28 784 шақырым жерді жүріп, 22 ел мен 4 құрлықты арапаған алғашқы қазақстандық азамат. Бүгіндегі ол Австрияның Зальцбург қаласында туризм саласы бойынша білім алғып жатыр. Жақында Мағжан Сағымбаев арнайы «Алматы ақшамы» газеті үшін тікелей желіге шықты.



● Керек дерек

АДАМ ТЕРІСІНІҢ
ТҮСІ ӨМІРІНДЕ
1000 РЕТ
ӘЗГЕРЕДІ ЕКЕН

3

● Айтпағым...

ЕКІ ЖЫЛ
ЖАЗЫЛҒАН
МАҚАЛА

7

● Шуақ

ИМАН
ҰЯЛАҒАН
ОТБАСЫНДА
шаңырақ шайқалуы
мүмкін емес

8

● Сөз сәулесі

ПЛАНШЕТТЕГІ
ПӘЛЕН-
ПӘШТҮГЕН

15

● Өзгенің өнегесі

ДЕМАЛЫСТЫҢ
ӘДЕТКЕ
АЙНАЛҒАН ТҮРІ

16

● Спорт

САТЫЛМАЙТЫН
САНЛАҚТАР

32


● НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ

Сөздің шыңы
— шүкірлік



«АЛМАТЫ АҚШАМЫ» ГАЗЕТИНЕ ӘР АЙДЫҢ
10-ЫНА ДЕЙІН ЖАЗЫЛСАҢЫЗ, КЕЛЕСІ АЙДАН
БАСТАП ҚОЛЫҢЫЗҒА ТИЕДІ

ЖАҢЫР ЖАУЫП, АРТЫ ҚАРҒА АЙНАЛАДЫ



Алматыда 14 ақпанинан 15 ақпанға қараң түні жаңыр жауып, арты қарға айналып, көк тайғак болады деп күтілуде. Жолдың көлік жүретін болігінде мұз қатып, тайғанак болуы мүмкін. Сондайктан жол апаты жағдайлары орын алу қаупі жогары болуына байланысты автокөлік жүргізушилеріне жеке көліктерін пайдаланудан бас тартып, қогамдық көлікпен жүруді ұснамыз.

Жеке көлікпен жүруге қажеттілік артқан жағдайда, көлік жүргізушилерін жылдамдықты азайтып, автомобилдер арасындағы қашықтықты сактауға және асыкпай жүруге шақырамыз.

Адамдар жаяу жүргіншілер жолымен жүруі кезінде сақ болуды, көп кабатты

үйлердін шатырынан кар, мұз құлауы мүмкін болғандықтан, жау жүргіншілерді биік үйлere жақын жүргеулерін сұраймыз.

Сондай-ақ, автокөлік құралдары кедегісіз козғалуын камтамасыз ету мақсатында күндізгі уақытта және 15 ақпанинан 16 ақпанға қаралған түні жолдардан жиналған қарды шығару жұмыстары жүргізіледі. Осылан байланысты Алматы қаласының әкімдігі автокөлік иелерін қар тазалау жұмыстарын жүргізуге түсіністікпен карауды және жол жиектеріне қойылған автокөлік құралдарын, өсіресе түнгі уақыттарда алғып тастауды сұрайды.

Н.АСЫЛ.

ЕСКЕРТУ!

«Алматы ақшамы»
газетінің жаңа
сайты өзірленіп
жатқанына
байланысты газет
сайты жұмыс істеуін
ішінара тоқтатуға
мәжбүр болып
отырғанын
хабарлаймыз!

АЛМАТЫДА БРИТАНДЫҚ 114 КӨСІПОРЫН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Мегаполис басшысы Қазақстандағы Ұлыбритания елшісімен кездесті

Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек Қазақстандағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Төтенше және өкілетті елшісі Майкл Гиффордпен кездесті. Тараптар сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселелерін талқылады.

Мегаполис әкімі Ұлыбританияның инновациялық даму саласында мол тәжірибе жинақтағанын және Лондон мен мен Манчестердің үлгісі бойынша Алматыда «Smart city» жобасын жүзеге асырудың тиімді екенін атап өтті. Алматы мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымында он динамика қалып-

таскан, 2017 жылы бұрнағы жылмен салыстырында 54,7%-ға өсіп, 275 млн. АҚШ долларын құраған.

Оз кезеңінде Майкл Гиффорд өзара ынтымактастықты нығайту барысында тараптар арасында үлкен мұмкіндіктің бар екенін айтты.

— Мен Қазақстан Президентіне Сенім грамотасын өткен айда тапсыран едім, өзімнің алғашкы жұмыс сапарын бойынша өнірдің жедел дамып келе жатқан мегаполисі ретінде Алматының таңдады. Колға алынған бастамалардың барлығы қаланы жоғары деңгейге көтеретіндігіне сенімдімін және өз тараптынан екі ел компаниялары арасындағы ынтымактастықтың дамуына, Білім-

және мәдени бағдарламалардың канат жаюна кәжетті мүмкіндіктердің барлығын жұмысайын», — деді Қазақстандағы Ұлыбритания елшісі.

Кездесу барысында шетелдік делегацияға инвесторларға «бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсететін Орталықтың, Индустріалды аймактың, АЭА «Инновациялық технологиялар паркінін» өлеуеті көрсетілді.

Казіргі кезде Алматыда британдық капиталдың қатысуымен сауда, каржы, телекоммуникация, құрылым және басқа салаларда 114 көсіпорын жұмыс істейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● АУЫС-ТҮЙІС

Алматы әкімдігінде бірқатар кадрлық тағайындаулар болды

Алматы қаласы әкімінің әкімімен Білім баскармасының, Тілдерді дамыту баскармасының, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар баскармасының, Мәдениет және мұрагаттар баскармасының жана басшылары тағайындалды.

Алматы қаласы Білім баскармасының басшысы болып Гүлнар Ходжабергенова бекітілді. Ол өзінін педагогтық қызметін 1985 жылы Алматы қаласындағы С.Шәкіров атындағы мектеп-интернатта бастаған. Эр жылдары қаланың бірқатар мектебінде мұғалім, директордың орынбасары, директор, сонымен қатар, Алматы, Жетісу, Әуезов аудандарында білім белемінін басшысы болған.

Бұрын Білім баскармасының басшысы болған Рахат Шимашева енді Алматы қаласы Тілдерді дамыту баскармасына жеткешілік етеді. Өз кезеңінде Мамай Ахетов қала әкімінің кенесшісі болып тағайындалды.

Бұлардан өзге, Мәдениет және мұрагаттар баскармасының басшысы болған Ханзада Есенова бұған дейін қалалық мәслихаттың депутаты болды, үзак жылдар бойы Ә.Кастеев атындағы бейнелеу өнері және техникалық дизайн мектебінің директоры қызметін атқарады.

Сондай-ак, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар баскармасының басшысы болып Мейіржан Отыншиев тағайындалды. Ол әр жылдары Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар баскармасында бас маман, білім басшысы болып істеген, соңғы үш жылда осы баскарма басшысының орынбасары болған.



ФАСЫР-ӘЖЕ

Алмалы ауданы әкімінің аппараты мен аудандық ардагерлер кенесінің әкілдері НУРМАҒАМБЕТОВА Қамазия әжені 100 жылдың мерейтоймен күттүктауды.

Қамазия апамыз 1918 жылы Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданына қарасты Мешіткөл ауылында дүниеге келген. Ауылда сауыншы, есепші, ауылдық кенесте хатшы болған. Сонымен қатар, үядай жылы ауылда мектептің ашылуына да үлесін қосып, сол білім ошағында өзі де бала оқыткан. Озық ойлы, білімді де сергек жан елеулі еңбегінің арқасында әйелдер арасында ауылы бойынша тұнғыш депутат атанған.

Анасы ерте дүниеден өткен. Әкесі Ескалы өте кайратты, елге сыйлы адам болған екен. Ашаршылық кезінде балық аулап, даладан сарышунақ (балпак) үстап, терісін үнға айырбастап отбасын аман-есен алып қалған көрнеді.

Кыздары Мария және Тамараны асырап жеткізіп, бүгінде олардан 15 жиен, 30 жиеншар, 4 шөпшек сүйіп, мейіріміне беленіп отыр.

Күйеуі Амангалиев Бисен 1913 жылы дүниеге келген. Сол кездің білікті агрономы болған. Соғыс басталған жылы қыркүйекте соғысқа аттанған. Сол кезде Бисеннің жалғыз інісі Мұхаметкерей Прибалтика еліндегі армиядан соғысқа кеткен. Екеуде кайтып еліне оралмаған. Бисен атаниң ең соңғы хаты Сталинград тубиен 1942 жылдың қыркүйегінде келген екен.

Қамазия әже – әйел де болса, нөзік иғығымен ердің жүгін көтере жүріп, Мәскеуге дейін барып, соғыстан кейінгі ел экономикасын көтеруде, жарты гасырға жуық ауыл шаруашылығы саласында атқарған абырайрылы енбектері үшін үкімет тарапынан «Еңбек данкы» орденімен және 5 медальмен, бірнеше рет Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталып, ел ілтіпатына боленген.

Бүгінгі күнде әжеміз Алмалы ауданында немересі Светамен бірге тұрып жатыр. Жақсы адамдардың өмірі бізге өркешан улғы.

Шұғыла ОЛЖАС.



Суреттерді түсірген – Самат



ТҮЗЕТУ

«Алматы ақшамы» газетінің 2018 жылғы 10 акпандары №18 (5525) санында жарияланған Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 24 қантардағы №1/31 қаулысының сонына:

«КЕЛІСІЛДІ»
VI сыйланған Алматы қаласы мәслихатының
ХХIII сессиясының төраймы

VI сыйланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы

2018 жылғы 25 қантар» деген сөздер қосып жазылсын.

Н.НИЯЗОВА.

К.ҚАЗАНБАЕВ.

2018 жылғы 25 қантар» деген сөздер қосып жазылсын.

АУЛАЛАРДА АҚЫЛЫ КӨЛІК ТҮРАҚТАРЫ БОЛМАЙДЫ



БРЕЙКДАНС БИНЕН БІРІНШІЛІК

Алматыда GGG VOL. 1 –
Орталық Азия чемпионаты өтеді

2018 жыл 17-18 акпан күндері «Atakent Mall» орталығында өтетін Gravity Game Battle Volume 1 (GGG VOL.1) – брейкданстан Орталық Азия чемпионаты «Мен алматылықтың» («Я Алматинец»), қоғамдық корының колдауымен үйімдестарыныш отыр.

Чемпионат Ресейдін Қазан каласында өтетін (27-29 сәуір) Combo-Nation – брейкданстан халықаралық чемпионатқа іріктеу болып табылады. Чемпионатка барлық Орталық Азия елдерінің, Ресейдін мыкты бишлери жиналады.

Чемпионака Әлем чемпиондары мен ен мықты «Бибій/BBoy» төрешілік өтеді.

Чемпионатқа катысқысы келгендер ресми парапша – instagram.com/ggbattle2018 – тіркеле алады.

Іс-шараның басты макстасы – олимпиадалық спорт түрі болып табылатын брейкдансты Қазақстанда дамыту, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2018 жылдың күздінде Алматыда брейкданстан Әлем чемпионатына іріктеу жарыстары өтеді.

Үлдай ЖАҢЫЛБЕК.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ЖАЙЫН ТАЛҚЫҒА САЛДЫ

Таяуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры «Fraunhofer IFF» өнеркәсіптік өндіріс және автоматтандыру институтының консультативтік кеңес жөніндегі төрағасы Бергард Чилмен кездесті.

Кездесу барысында Бергард Чил «Fraunhofer IFF» институтының колданбалы зерттеу институттарын біріктіріп Еуропадағы ен ірі үйім екендігін атап айтты. «Біздін үйім – неміс және шетелдік компаниялардың өнімдерін өндіруге көмектесді. Адам мен техниканың күшін біріктіру арқылы бірге жұмыс жасау жүйесінін дамуына күш салады. Оны тиімді өндірістік жүйелерде біріктіріп, оларды бір-бірімен байланыстыру үшін зияткерлік инфрақұрылым қолданады. Үйім технологияларды толық зерттеп, жетілдіріп, оны компанияға қыска уақыт ішінде енгізу арқылы әр саладағы зерттеу тәжірибесін біріктіре біледі. Осылайша үйім компаниялардың нарыққа бейімделуіне және олардың өнімділігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді», – деді төраға. Сондай-ак, ол Қазақстандағы өнеркәсіп өндірісінің карынды дамып келе жатқандығын басты назарға алды.

Оз кезегінде сөз алған ҚазҰУ ректоры атальыш үйін мен ҚазҰУ арасында колданбалы зерттеу институттарымен бірлесе ғылыми жобалар дайындау, жаратылыстану және колданбалы ғылымдар саласын және шағын кәсіпкерлікті дамыту жайын талқыға салды.

Р.ЕРЕЖЕПҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың студенті.



КЕРЕК ДЕРЕК

АДАМ ТЕРІСІНІҢ ТУСІ ӨМІРІНДЕ 1000 РЕТ ӨЗГЕРЕДІ ЕКЕН

- Әлемде талай қызық бар. Солардың бірі Чехия астанасындағы «биши» ғимарат. Деконструктивизм стиліндегі ғимарат биші әйел мен еркектің кейілінде салынған.
- Наурыздан бастап қалада 43 шақырым арық жүйесін қалпына келтіру жүреді.
- Алматыда қар жинау жұмысына қатысатындардың санын 3 мыңға жеткізеді.
- Алматыда 38 жоғары оқу орны бар.
- Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі қаңтарда 4,9 пайызға тәменеді.
- 14-15 акпанда Жамбыл облысында қатты жел тұруы мүмкін.
- Трамп киберкорғанысқа миллиард доллар бөлүге ұсыныс жасады.
- Орталық сайлау комиссиясы Д. Мыңбайды ҚР Парламент мәжілісінің депутаты етіп тіркеді.
- Ақтөбенің мемлекеттік қызметкерлері аймактағы жағдайы тәмен адамдарды шевтік қамқорлыққа алды.

- АҚШ Сирияға 200 млн. долларға гуманитарлық көмек көрсетті.
- Теміртауда хирургтар мен кардиологтар жетіспейді.
- АН-148 ұшағы құлаған жерде мындаған адамдар жұмыс істеп жатыр, екі кара жәшік табылды. Осы ұшакта болған 33 жастағы жолаушы-экстрасенс өзінің өлеңінің күні бұрын сезген екен.
- Өткен жылы Астанада 2,4 млн. шаршы метр тұрғын үй салынды.
- Қазақстанда электр қуатының тарифі қайта қаралады, – деді Бозымбаев.
- Елімізде латын тілінде құжаттар беру 2021 жылы жүзеге аспақшы.
- Семейде тұрғындардың жылу мен жарыққа карызы 900 млн.ға жеткен.
- Наурыз айынан бастап мұғалімдердің айлығына косымша 24 мың теңге теленеді.
- Елімізде ен жоғары жалақы алатындар қаржы

- және сақтаңдырыу, сондай-ак, ғылым және техника саласының қызметкерлері.
- Тұмаудан құтқаратыны тек қана қозғалмай жату, үйіктау көрінеді.
- Дубайды әлемдегі ең биік қонақүй ашылады.
- Адамдардың 80 пайызы инсульт жағдайында қандай әрекет жасауын білмейді.
- Қазақстанның 14 қаласында ауа сапасы тәмендеді.
- Пхенчханда өткен Олимпиаданың ашылу салтанатындағы ең қымбат билет құны 78 мың рубль болыпты.
- 1999 жылды «АиФ»-тың таралымы 33,4 млн. таралымға жетіп, Гиннестің рекордтар кітабына енді.
- Ресейде 18 бен 24 жас аралығындағылардың 91 пайызы құнделікті әлеуметтік желілерді пайдаланады екен.
- Адам терісінің туsı өмірінде 1000 рет өзгереді екен.

ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨНЕРІНІҢ ЖАҢА АКАДЕМИЯСЫ АШЫЛДЫ



Алғаш шаһарда белгілі Kazakhstan Top Team клубының бразилиялық джиу-джитсу және грэпплингтің Қажымұқан Мұнайтпасов атындағы ақадемиясы ашылды.

Спорттық ғимарат Қажымұқан көшесі 22-А мекен-жайда орналаскан. Kazakhstan Top Team клубының мүшелері будан бөлек «Қазақфильмдегі» залда дайындық еткізеді. Бұл жаңа зал Алматыдағы осымен екінші жаттығу орны.


Көптеген халықаралық дәрежедегі чемпиондардың дайындалған жүрген ақадемияның Қазақстан бойынша Ақтөбе, Атырау, Орал, Талдыкорган калаларында да жаттығу залдары бар. Жақын арада Астана каласында Kazakhstan Top Team ақадемиясы ашылады.

Бұл жаңа ақадемияның есігі кез келген адамға ашық. Бір айлық абонемент балаларға 10 мың, ал үлкендерге 12 мың тенгінің құрайды. Алғашқы жаттығу сабағы тегін, бос уакытында келіп дайындалам дегендеге 2000 тенге.

Джиу-джитсу – шығыс халықтарының жекпе-жек спорт түрлерінің негізін қалаған жапондықтардың дәстүрлі, үлттық құресі. Бұл спорттың ерекшелігі шабыл жасаған қарсыласына дүлей кара күшті колданбай, қарсылыстың бағытын өзгертуге, тепе-тәндік калыптаған шығарып, солан кейін барып әдіс колдануға болады.

Казақстанда бразилиялық джиу-джитсу және грэпплинг карындың тұрғындарынан басты негізде келеді. Сәйкесінше жаттығу залдары көбейіп, осы спортын айналысуга жастар қызығушылық танытуда.

Айдана ӘДЛІБЕКОВА,
Алматы калың ДШЖС басқармасы
баспасөз қызметінің жетекшісі.



Нұржамал БАЙСАҚАЛ

Адам баласы жасы ұлғая бастаған шағында осы бейнетімінің зейнетін көрсем деп ойлайтыны да, алатын зейнетакым құнкерісіме жетсе дейтінде өмір шындығы. Өздерінің алатын зейнетакыларын еркиннегін елдердің зейнетакы мөлшерімен салыстырып, әттен-ай, біз де сондай қунға жетсек, алатын ақшамызы құнкерінде артылып, ел таңып, жер көргө жетсе деп те бір күрсініп алатындар да жок емес. Бірақ шындығын айтсақ, біздін зейнеткерлердің зейнетакылары жертау тұрмак, құнделікті ішіп-жайтін азық-тұлға пен коммуналдық телемдерден артылмайтындығын жасырудың кажеті жок шығар. Жинақтаушы зейнетакы қорындағы жарналардың да тағдыры құмға сінген судай түсініксіз халде калып келеді. Қордағы жинақталған жарна зейнетке шығатын азаматтарға 2018 жылға дейін жинақталған жарнаның мөлшеріне қарай болінпі төленіп келсе, 2018 жылдың 1 кантарынан бастап ай сайын зейнетакыға қосымша ретінде төленетін болды. Осы жаһартылған зейнетакы жүйесін түсіндіремін, әйелдердің зейнетке шығатын жасын ұлғайтып, олардын жинақтаушы зейнетакы коры бойынша жинақтайтын жарнасының көлемін ұлғайтамын деп әбден қажыған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Дүйсенова бұл саланың қыры-сырын түсіндіре алмастан жұмысынан кетті. Дүйсенова кеткенмен, халықтың әлеуметтік жағдайына жауапты министрлік жөнге оған қарасты құрылымдар өз жұмысын жалғастырып, Елбасы Жолдауларапан тұндағын жана міндеттерді жүзеге асыру жолында қызмет аткарып келеді. Мемлекет басшысының тапсырымасымен 2018 жылдың 1 кантарынан бастап ынтымакты зейнетакы 8 пайызға, базалык зейнетакы мен басқа да әлеуметтік жәрдемақылар 6 пайызға артканы белгілі. Сондай-ақ, кәмелетке толған бала жастан 1-топ мүгедектерін күтіп-бағып отырган адамдарға осы жылдың 1 шілдесінен бастап бір айлық құнкерің денгейінен кем емес мөлшерде қосымша мемлекеттік жәрдемақы тағайындауды тапсырыды. Ал казір еліміздегі ең төмөнгі зейнетакы мөлшері базалық зейнетакының коса алағанда 49 019 тенгени, ал орташа зейнетакы 71 тенгени құрап отырган көрінеді. Казіргі уақытта Қазак-

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ 49 019 ТЕҢГЕНИ ҚҰРАЙДЫ

Бұл базалық зейнетакының қосқандарғы мөлшер болса, Алматыдағы орташа зейнетакы мөлшері 71 мың тенгени құрап отыр дейді Алматы қалалық Өнірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке қатысқан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Айдынжан Жаңабердіұлы НАРМАТОВ.



станда көпденгейлі зейнетакы жүйесінде. Ол базалық, міндетті және ерікті денгейлерден тұрады. Осы және зейнетакы мен әлеуметтік жәрдемақыларға байланысты, сондай-ақ, әйелдердің зейнет жасын, бала күтіміне байланысты жұмыссыз отырган әйелдердің жинақтаушы зейнетакы корына жарна жинақтау жағдайындағы 18 маусымындағы №841 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының зейнетакы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын түсіндіріп, осы тұжырымдама негізінде орын алған өзгерістерге тоқталды. Колданыска енген көпденгейлі зейнетакы жүйесін, оны колдану әдістері жағында айтып, Мемлекет басшысының осы жылдың 1 шілдесінен бастап көмеге толған бала жастан 1-топтағы мүгедек адамды күтіп, бағып отырган азаматтарға ай сайын бір айлық құнкерің мөлшерінен кем емес денгейде мемлекеттік жәрдемақы енгізуі тапсырылғанын, бұл жәрдемақыны тағайындағы жағдайлары мен төртін КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қысқа мерзім ішінде әзірлең, халық назарына жеткізетіндігін мөлімдеді. Сонымен катар, 1 кантардан бастап

Айдынжан Жанабердіұлы алдымен журналистерге 2014

әйелдердің зейнетке шығу жасының жарты жылға ұзартылып, осы тәсіл арқылы әйелдердің зейнетке шығу жасын 2018–2027 жылдар аралығында 63-ке жеткізу көзделгенін айттып берді. Ал бес және одан да көп бала тәрбиелеп отырган әйелдердің зейнетке шығу жасы өзгерітіл-

зейнетакы жүйесі толыктай енбек өтіліне байланыстырылған. Кім көп жұмыс істесе, сол көп зейнетакы алатын болады. Осыған орай, барша казақстандықтар өздерінің атқарытын жұмыстарын заңдастыруға зор мән берулері керек. Әлеуметтік сактандыру жүйесінде де еңбек өтілі мен өтемаки мөлшері арасындағы өзара байланыс қүштейтілетін болады» делінген болатын. Олай болса, зейнет жасына жақындан қалған азаматтардың енбек өтілін есептеп, құжаттарының заңдылығын бір тексеріп қойғаны артық болмас. Мұны департамент басшысы да жүртшылықтын есіне сала кетуді жөн көрді. Демек, енбегінде қалалық болса, көрер зейнетінің солай болмак. Осы басқосу барысында департамент қызметкерлері өткен жылы атқарылған жұмыстары

■ ҚАПЕРЛЕРІНДЕ ЖУРСІН

Қазіргі уақытта Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейлерден тұратын көпденгейлі зейнетакы жүйесі жұмыс істейді.

Бірінші деңгей (базалық) – мемлекеттік базалық зейнетакы төлемі. Бұл зейнеткерлік шығатын барлық азаматтарға енбек өтілі мен табысына қарамастан бірдей тағайындалады.

Екінші деңгей (міндетті) – ынтымақты зейнетакы, ол 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі жинақталған енбек өтіліне және 10 пайыздық міндетті зейнетакы жарналарынан қалыптасқан зейнетакы жинақтарының есебінен жүргізілетін бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорындағы аударымдар – зейнет алдындағы табысына байланысты республикалық бюджет қаражатынан төленеді.

Үшінші деңгей (ерікті) – ерікті зейнетакы жарналары есебінен берілетін төлемдер. Бұл болашақта зейнеткерлердің қосымша табыс көзіне айналатын ерікті зейнетакы жарналары есебінен азаматтарға жинақтарын үлгайтуға мүмкіндік бермек.

менен. Олар сол қалыптасқан төртіп бойынша 53 жасында зейнетке шыға алады дейді, – алматылықтардың әлеуметтік жағдайына жауапты департамент басшысы. Басқосуда департамент қызметкерлері журналистер тарапынан қойылған саудаларға жауап беріп, кейір мәселелер бойынша түсіндірме жасады. Елбасының биылғы жылдың 12 077 адам қайта күеландырудан өттіпти. Оның 100287 ерекшелектер бола, 1483 бала. Алматы қаласы бойынша мүгедектер саны 31 824 адамды құрайды екен. 2017 жылы департаментке жеке және заңды тұлғалардан 4960 өтініш келіп түсіпти. Ол өтініштердің барлығы қанағаттандырылды дейді департамент өкілдері.

Әмір сұруге жайлы қала

Алматылықтар былтыр көші-қонмен-ақ 23,9 мың адамға есті

Оқырманға жақсы белгілі, қазір әлем халқы жиі орын ауыстыратын болып жүр. Бұл ретте Азиядан Еуропа мен Америкаға қарай көшкен үлттар саны жылдам есіп келеді. Әрине, Қазақстанда қалыпты жағдай бар. Десек те, бізде халық бір жерден екінші өнірге көшіп-қонуға көп бара бермейді. Бірақ соңғы кезде елімізге сырттан көшіп келетін адамдар саны жыл өткен сайын көбейіп бара жатқаны байқалады.

Пайыздан астамын ел ішінде езінің тұрғыбында мекен-жайын ауыстырып жүрген адамдар кураган. Ал олардың 4,7 пайызы халықаралық көші-кон үрдісіне катаусынан мигранттардың басым болігін немесе олардың 95,3



Жалпы, былтыр негізгі миграциялық алмасулар көбіне ТМД елдерінен орын алған. Бұл ретте негізінен миграциялық көрсеткілтік. Медициналық сараптама бөлімдері арқылы 4 734 адам алғаш рет мүгедек деп таңылған. Мүгедектік тобы бойынша 12 077 адам қайта күеландырудан өттіпти. Оның 100287 ерекшелектер бола, 1483 бала. Алматы қаласы бойынша мүгедектер саны 31 824 адамды құрайды екен. 2017 жылы департаментке жеке және заңды тұлғалардан 4960 өтініш келіп түсіпти. Ол өтініштердің барлығы қанағаттандырылды дейді департамент өкілдері.

Осылай халықаралық және өніраалық көші-кон ағыны нәтижесінде олардың бәрі Алматы қаласының ішінде белсенділік түрде мидай араласып кетіп жатыр. Сөйтіп, осындағы көші-кон ағындары бойынша былтырғы 10 айда калада 45,8 мың адам орналаскан. Ал бұл көрсеткіш 2016 жылы сәйкес кезеңде салыстырғанда 45,7 пайызға жоғары болған екен.

**Әзірлек –
Күттебек АЙМАХАН.**

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ІШКІ ТАТУЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ



БАҚ беттері өлемде болып жатқан түрлі террактілерге қатысы болсын-болмасын сақалды ер адамды немесе басында орамалы бар әйелді әдейі көрсетіп жатады. Бұл көріністі бірнеше рет көрген кісінің санасында сақалды немесе орамал таққан әйелге деген сенімсіздігі еріксіз түрде пайда бола бастайды.
Шындығында, мемлекет ешқашан біреудің басындағы орамалын шешіп алмайды.

Үқпалындағы іс болуы да кәдік. Оның үстіне қазір қоғамда исламофобия жүріп жатыр. БАҚ беттері өлемде болып жатқан түрлі террактілерге қатысы болсын-болмасын сақалды ер адамды немесе басында орамалы бар әйелді әдейі көрсетіп жатады. Бұл көріністі бірнеше рет көрген кісінің санасында сақалды немесе орамал таққан әйелге деген сенімсіздігі еріксіз түрде пайда бола бастайды. Шындығында, мемлекет ешқашан біреудің басындағы орамалын шешіп алмайды.

Казір басында орамалы бар көптеген көліншектер түрлі мемлекеттік мекемелерде әп-әдемі қызыметтерін жалғастыруда. Алайда, кейір мекеме басшылары мен орамал таққан көліншектер арасында түсініспеушіліктер орын алада. Санасына жоғарыда айтып откен коркыншыты сінірген кейір басшылар мәселенін байыбына бармай орамал таққан көлін-

шекті жұмыстан шеттеткісі келетін белгілі жайт. Бұл мәселе уақыт ете келе сауатты түсіндіру жұмыстары арқылы өз шешімін табады деп ойлаймын. Дәл қазіргідей алмагайп үакытта нағыз мұсылман өзінің мұсылмандығын тек сыртқы формаларымен ғана емес, ішкі мазмұнмен, яғни, көркем мінезімен һәм іс-әрекетімен көрсету тиіс. Өзіне жүктелген істерді жауапты әрі сапалы етіп үақытында орында, өзгелерге әрдайым үлгі бола білсе ғана, ол – шыныайы кемед мұсылман. Болмайтын нәрселерді сұлтатай етіп жұмыстан қашқақта, өзгелермен әнбейтін тақырыпта сөз таластырып, Алланың саналы іс жасауға берген санаулы уақытын күр бекерге өткізу – мұсылманға тән емес.

Жуырда Еуропа елдерінің бірінде аэропорттагы қеденін бакылау қызыметінде никаб (тек көзі ғана ашық, қалған жерлерін жабық қара түсті кім) киген әйелден куаіпсіздік максатында тек түрін (бетін ғана) көрсетіп отуді талап етеді. Жаңағы әйел оған бағынбайды. Ақыры, кеден қызыметкерлерінің талабы орындалғаннан кейін ғана жаңағы әйел шекарадан етеді. Осы оқиғадан кейін әлемдік деңгейдегі түрлі БАҚ беттерінде «мұсылман әйелді мәжбурлап шешіндірді», «мұсылман әйелдері жәбір қөруде» сынды арандатушы тақырыптарда материалдар жарық коре бастады. Нәтижесінде қашшама мұсылман мәселенің байыбына бармай, бір-біріне ғайбат айтып, үлкен құнөларға батты. Ислам дінінде ғайбат айтту Аллага серік косудан кейінгі екінші үлкен құнө жатады. Исламда біреудің сыртынан ғайбат айту – харам саналған істердің қатарында. Ислам ғұламаларының айтуыша, ғайбат

айтуыша адам, өз ісіне өкініп, қайта тәубе етпесе, мұсылманшылықтан шығады. Сонымен катар, үнемі ғайбат айтумен шұғылданған мұсылмандың сыртқы келбеті мұсылман болғанымен, ішкі дүниесі іштарлыққа толып, жүргіті карайып, шыныайы мұсылмандық қалыбын жоғалтады.

Бүгінде «ДАИШ» құрамында болған соудырлардың никаб күп алып босқындармен ілесін қашып жатқандығын БАҚ жарыса жазып жатыр. Олардың көшілігі ұсталып, маскаралары шыққаны белгілі. Жалпы, кез-келген мемлекет өз шекарасына кіргісі келетін адамның түріне қарап, арнайы құрылғылар арқылы оның қылмысқа жатысының бар-жоғын аныктайды. Бұл талап мұсылман елдерінің барлығында бар. Мәселен, мемлекет үлкен кеме сияқты. Сол кеменін белгілі бір бағытқа жүру үшін ондағы төртілті қадағалаушы капитаны болады. Көп жағдайда капитан кемені түрлі дауылдардан сактандыру максатында белгілі бір шешімдер қабылдан, қауіпсіздіктің алдын алып жатады. Айналаны дүрбімен шылып, өзге де көтерлердің бағылайты. Сол сөтте кемедегілердің барлығы төртілкі бағынып, капитанының нұсқауымен жүрсе, қалған жерлеріне жете алады. Ал көрініше кемедегі өзге адамдар капитанының айтканын істемей, өркім өзім білемдікке салынса, кеме ешқайда жылжымай бір орында тұра беруі мүмкін. Мұндай жағдайда кемеде қауіпті ахуал орын алып, жүртті үрей мен үмітсіздік жайлап бейберекесіздік болады. Нәтижесінде талас-тартыс кемені тұнғиыққа батырып бір-ақтынады.

Айналып келгенде, мұның бәрі ел илілігінде жасалып жаткан іс. Не себепті мемлекет мұндай жағдайға баруда? Әрине, қауіпсіздік мәселесі қазір қоғамда бірнеше орындағы түйткілді тақырыпқа айналды. Оның үстінде ғұған дейін Актөбеде орын алған даңқестік актілер діни ағым өкілдерінің қоғымен жасалды ғана, ол – шыныайы кемед мұсылман. Болмайтын нәрселерді сұлтатай етіп жұмыстан қашқақта, өзгелермен әнбейтін тақырыпта сөз таластырып, Алланың саналы іс жасауға берген санаулы уақытын күр бекерге өткізу – мұсылманға тән емес. Жуырда Еуропа елдерінің бірінде аэропорттагы қеденін бакылау қызыметінде никаб (тек көзі ғана ашық, қалған жерлерін жабық қара түсті кім) киген әйелден куаіпсіздік максатында тек түрін (бетін ғана) көрсетіп отуді талап етеді. Жаңағы әйел оған бағынбайды. Ақыры, кеден қызыметкерлерінің талабы орындалғаннан кейін ғана жаңағы әйел шекарадан етеді. Осы оқиғадан кейін әлемдік деңгейдегі түрлі БАҚ беттерінде «мұсылман әйелді мәжбурлап шешіндірді», «мұсылман әйелдері жәбір қөруде» сынды арандатушы тақырыптарда материалдар жарық коре бастады. Нәтижесінде қашшама мұсылман мәселенің байыбына бармай, бір-біріне ғайбат айтып, үлкен құнөларға батты. Ислам дінінде ғайбат айтту Аллага серік косудан кейінгі екінші үлкен құнө жатады. Исламда біреудің сыртынан ғайбат айту – харам саналған істердің қатарында. Ислам ғұламаларының айтуыша, ғайбат

Бақытжан САТЕРШИНОВ,
Казакстан дінтанушылар Конгресінің төрагасы, философия ғылыминың докторы, профессор.

Әрине, шаһарда қазірде пәтерін жалға беріп, һәнәпқасын «айырып» жүретіндердің көп екені бұрыннан белгілі. Бірақ «Tengrinews.kz» сайты жазғандай, сүйікті қаламызда баспанасын жарты миллион тенгеге жалға беретіндердің бар екенін естіп көрмеппін. Содан да әлгі жолдарды алғаш оқығанда «Шамасы, ғұлар ақшаның буына елтіп, оңай бауды көздегендер-ау?..» деп топшылаған едім, өзімше. Осы ретте, қаладағы салық органдарының да мен секілді ойлайтының аңғарып қалдым. Сол себептен де, әлгі пәтерін қымбат бағаға жалға берушілер қадағалаушы салық органдарының көзіне түс бастапты.

ПӘТЕР ЖАЛДАУШЫЛАР

Салық органдары назарына ілікті

Осыған орай, «Алматыдағы Medeu аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасы қызыметкерлерінің айтуыша, элиталық пәтерлерді жалға беретін пәтер ішелеріне алғап дауыттарда айтыптарда салынбағ шүйн бір апта ішінде салық органдарында тіркелуге дауыт берілді», – деп хабарлайды Tengrinews.kz.

Өйткені, аталған мекеменің мәліметінен

сүйенсек, осы Medeu ауданындағы тұрғын үй кешенінің тек біреуінен ғана пәтерді зансыз түрде жалға беретін 15 пәтер анықталыпты. Бұл ретте Мемлекеттік кірістер басқармасындағылар «Аудандағы екі бөлмелі пәтер ай сайын 250–300 мың тенгеге, ал үш бөлмелі пәтер 420 мың тенгеге жалға беріліп отырған. Ал енді осындағы «бір тұнеп шығу» үшін ғана пәтер қожайындары «клиенттерінен» 15–20 мың тенгеден алып тұрған. Оның үстінде мұндайға пәтер бағасы ұсынылған болме санына байланысты болған.

Сонымен катар, «кайсыбір пәтерлер көбіне ризэлтор компаниялар арқылы да жалға беріліп тұрған. Бұл ретте Алматыға іссапармен келген азаматтар өзіне құжат



кәжет болған жағдайда жалға алу туралы келісім-шарт немесе ол адамның өз жұмысымен жүрғен «жеке көсіпкер» екенін раставайтын қоғалық ғайында беруши «жеке көсіпкердің» өзі немесе ризэлтор компания дайындал беріп отырған», – деп түсіндіреді. Демек, пәтерін жалға берушілер клиенттерге кәжетті барлық құжаттарды қоса жасап берумен де айналысадыны анықталған. Әрине, мұның да заңсыз жолмен жасалатыны бөрімізге бесенеден белгілі. Өйткені, осыдан екі-үш жыл бұрын өзіміз де Астанаға іссапармен барғанда үйін жалға берушілердің «осындағы заңсыз қызыметін» пайдаланғының бар еді. Әрі елордага барып-кайткандардан мұндай қызыметтің өлі емін-еркін жасалатыны естіп жүрміз.

Атап айттыны, Мемлекеттік кірістер басқармасының мамандары жалға беруші пәтер иелерінің тиисті орындарға «жеке көсіпкер» ретінде есепте тұрғағанын, одан қалды ешқашан да салық төлемейтіндігін айтады. Осы ретте олар «Мұндай жағдайға байланысты пәтер иелеріне өздерін «жеке көсіпкер» ретінде тіркеуге тұруға немесе өздерінің накты табысын қорсеттін құжатты алулары үшін бір апта уақыт берілді. Бұл ескертпен айыппен салынатын болады. Осыған сәйкес, тіпті, олар әкімшілік жауапкершілікке ғана емес, сондай-ақ, қылмыстық жауапкершілікке тартылуы да әбден мүмкін», – дейді. Сондай-ақ, бүгінгі таңда, сонымен катар Алматыда қымбат пәтерлер мен үйлердің кебі интернет арқылы жалға беріліп жүр екен.

Күттебек АЙМАХАН.

● *Hipim*

Нәзіктігіңді ештеңеге айырбастамашы!

Менің Гүлназ есімді құрбым бар. Тұрмыста. Әп-әдемі екі қызы бар. Астында көлігі, басында бас-панасы, қызметі – барлығымен қамтылған.

Бірақ неге екені сол, құрбымның кейінгі кездері ештенеге қоңілі толмайтын болды. Тіпті, кейде «қүйеусіз де екі қызымыда баға аламын!» деп шіренетінін кайтерсіз?! Қөп адамға жүрген ортасы әсер етегіні рас екен. Менін байқауымша, ол жұмысқа орналасқала өзгерді. Себебі, қызыметі өсті. Казір бір бөлімді басқарады. Содан бері жұмысқа erte кетіп, кеш келеді. Жалақысы қөбейіп, қалтасы қалындағы білем, қымбат күімдер мен әшекейлерге өүес бола бастады. Анда-санда шүйрікелесіп әңгіме айтатынымыз бар. Бірде ол қасындағы қызметтес қыз-келіншектер кей кездері жұмыстын кейін кафе, мейрамханага барса, бұл үрге қайтатыны айтты. Соларға еліктесе керек, үрге «біреуде өші бардай» ашуланып келетінді шығарыпты. Әлбетте, бұл қыздары мен әкесіне ұнамайтын. Жұбайы Еркін томага-түйік, артық әңгіме айтпайтын азамат. Қөп сөзі жоқ, салмақты жігіт. Пен деміз гой, кейде «өзіндікінен өзгелердің өмірі тамаша» секілді болып көрініп тұрады. Құрбыма да сондай бір отбасының өмірі әсер етті-ау шамасы, кейінгі кездері «ажырасыман» деген сөзді жи айтатын болды. Бірақ мен құрбымның ешбір себепсіз шаңырағының шайқалғанын қаламаймын. «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады» емес пе, бір күні Гүлназдың үйіне арналы барып, бар ойымды жайып салдым: «Әй, құрбым-ау, канша жерден қырып ақша тапсан да, сенін тапқаның қүйеуіннің табысындаі берекелі бола коймас. Сен олай күпірлік жасама! Осы күнім тәуба десенші. Қүйеусіз өмір сүрді онай деп кім айтты саған! Балаларын әкесіз, өзің «ажырасқан» деген атка қаласын. Елдің, ерек біткен-нін көз құртына айналасын. Жалғызбасты болған сон, қоңіл ауғаннаны барлығы саған бір сүйел қалғысы келіп тұрады. Сыйлаган жерін конак етіп шақырса, бара алмай қор боласын. Себебі, онда құрдастар арасында түрлі өзіл-калжындар айтылады. Оның бір шеті саған тиіп кетуі мүмкін. Осы саған керек пе? Мазанды алып күнде арак ішіп жатыр ма, қүйеуін?! Қоғамдық жұмыстарға араласып, кешке дейін сыртта жүргенше, отбасының берекесін келтірудін қамын ойла. «Мал табу— ер адамын, бала табу — әйелдің міндеті» деген гой. Ереккепен тайталасып, алысқанмен алысып, жұлысқанмен жұлысу бізге тән қасиет емес. Бұл әйел табиғатына жат. Мал тапқанша — қүйеуіне мұрагер болатын ұл тап! «Ерек — түздің көркі, әйел — үйдің көркі». Өтінемін, әйелге тән нәзіктігінді ештенеге айырбастамашы! дедім шын ниеттес болып. Әрине, «дүниеде ақыл айтқаннан онай іс жоқ» деп жатады. Десек те... құрбым ойланып калды...

**Анар ЕРДЕНҚЫЗЫ,
«Шаңырақ» ықшамауданы.**



Бетті өзірлеген – Күралай ИМАНБЕККЫЗЫ

**Қазақ
әйелін «жан
жолдасым»
дейді. Бұл –
үлкен сөз
ғой. Жаны
мен жаны
үндес, ойы,
арманы
үйлес, егіз
адамбыз
дегені ғой.**

Ф.МУСИРЕНОВ.

• *Өз сөзім – өзімдікі*

ИМАН ҰЯЛАҒАН ОТБАСЫНДА

шанырақ шайқалуы мүмкін емес



дүктан еңесі түсіп жүргендер жетерлік. Әйтсе де, олардың арасында кәтелігін түсініп, баласының болашағын ойлап, қайта косылып жататындары некен-саяқ. «Бәріне уақыт емші» дейміз... Жылдар оте келе ажырасқан әйелге – күйеу, еркекке – әйел табылар, бірақ балаға ата-ана табылмайтынның ойланбаймыз-ау... Өкініштің де осы. Бұғандегі дәл осындай күй кешіп, өзгенін бақтына қызыға қараң жүрген каншама тағдыр иелері бар десеңізші?!

«Отбасында болатын кез-келген киындыкты жеңудің бірден-бір жолы – кешірімді болу. Егер жас отау иелері сабыр мен төзімді ту етіп, бір-біріне түсіністікпен караса, шешілмейтін түйн жок» дейіл қоңтап көрген аналар. Қоңке топырак шашпаймыз, әрине. Бізде бакытты отбасында баянды ғұмыр кешіп жатқан жас отбасылар баршылық. Олармен мактанды болады. Әйтсе де, сезімдері лап етіп жаңып, тез сөніл калатын жастардың жок емес екенін жасыруға болмас. Әсірелеп айтсақ, кейібр жастар танертең танысып, тусте кездесіп, кешке үйленуге барада. Соған қарағанда, олар «үйленудің онай болғанымен, үй болудың қызын» екенінән әлі жете мән бере алмай жүрген скелід. Осыдан кейін «сонда жастарға не жетпейді? Кешеғана бір-бірінсіз өмір сүре алмайтындей болған кос жүректің бүгіндегі екі жакқа жалт бұрылуының себебі не? Шынында да, жастар неге жи ажырасады?» деген сансыз сауаллын қобейтіні рас.

сансыз сауалдың көбесеттін рас.
«Әріне, оған себеп те, дәлел де көп. Ажырасудың ең басты себебі – жастардың отбасы жауп-кершілігін сезінбеуі. Жанұя болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай түрмайды. Тіпті, бұл кезеңен ең мықты деген отбасы да отеді. Бірақ, олар ашуды ақылға жендіріп, түсінбеушілкіт сабырмен шешеді. Ал ажырасатындар ше?! Олар бірі ашууланғанда, екіншісі үндемей қалуды дұрыс шешім деп ойламайды. Керісінше, бастарынан сөз асырғысы келмей, екеуі де үұрыс-керіске жол береді. Мұның соны арадағы сыйластықты бұзады. Кей жағдайда ер-азаматтар әйеліне кол көтеруге дейін барады. Одан кейін әлемметтік жағдайдаңың төмөндігі де отбасындағы жанжалға сеп». Бұл да өмірдің ыстығы мен сұзығын, қайғысы мен куанышын бірге бөліспін, шашыргында шаттық салттанат курған аналардың сөзі.

Басында баспаңасының жоктығы мен мәрдымсыз жалақыны желеу еткен жастар да ажырасуға бейім тұрады. «Жаксы жұмыска

орналасуға дипломың жок, жұмыс тауып беретін туысын жок...» деп бірін-бірі айыпта, санасуға көшеді. Бір айта кетерлігі, сол үйленген жастардың басым көпшілігі қалалық жерлерде тұрғылары келеді. «Қалада әмір суруге, еңбек етуге барлық жағдай бар. Жылы үй, жайлы пәтер. Олар су тасымайты, от жакпайды. Еңбек етем десен, жұмыс табуға болады» деп женил ойлады. Әлбетте, артынып-тартынып жолға шыкканымен, оларды мұнда ешкім құшак жайып қарсы алып тұрмайтыны белгілі. Алашки қындық осылай басталған сон жастардын арасында әлемүттік тенсіздік орын алады. Осы арада әмірге сәбіндің келуі де зандылық. «Жығылған үстіне жұдьырық» демекші, балаға кажетті тағам мен киім-кешегі, тіпті жаяльының өзі біраң қаражатты қажет ететін түсінікті. Өзі қатарлы отбасылардың жағдайына қарап, тапқаны пәтерақы мен шай-пұлынан артылмайтынына налитындар дәл осы тұста ақырасуды оның жол деп табады. Жана үйлене салып бәріне бірден қол жеткізу мүмкін емес. Барлық та, байлық та жыл оте, қызығы мен шызығы араласқан тірлікпен келетінін олар түсінгісі келмейді. Жастардың кателесетін тұсы да осы жер. Ерлізайыптылардың бір-біріне деген өзара сыйластығы, ашуды ақылаға жендіріп, кешірімді болуы – отбасының берік ұстанымы болғандаған нәтижелі болмай ма? «Сыныққа сылтау ізделеген» адам кез-

келген жағдайды көлденен тартатыны белгілі. Тұрмыстың киыншылығы, ағайын арасындағы араздық, ене мен көліннің карым-кательнасы... Осылай уақытша киындықтарға шыдай алмаудың ақыры жас отбасынын аяктан түрып кетуіне себеп болатынын өмірде көріп жүрміс. Мойнына еш жауапкершілік жүтіп арқаламайтын жігіттеріміз артынып-тартынып кете баар. Ал құшағында сәбіи бар жас ана ше? Үйде баласын бағып отырган жас анада қайдағы жұмыс, қайдағы қаражат? Жалдаған пәтердің акшасын енді кім төледі?.. Баар жері, басар тауы қалмаган соң жалызыбасты аналар қайтсін?! Баласын амалсыз ата-анасына апаруға мәжбүр. Ондағы ойы шамалы жағдайын түзеп алған соң, баласын өз колына алғып, тәрбиелеу. Біздін бір жаман әдетіміз, ештененің байыбына барып, мәнін білмей жатып, сыпсын сөзге еріп жататынымыз. Сөйтеміз де: «Дұрыс тәрбие берmedі» деп анасына кінө артамыз. «Қызы қайтып келіпті» деп баласын жазғырамыз. «Біреуді өсектемес бұрын, оның киген аяқ-киімін кіп, оның жүрген жолымен жүр. Оның жолдағы шалынған өртасына шашын. Оның бар ауыр-пальығын сезін» деген. Дұрыс түсінініз... бұл оймызы жолы болмаган жандарды жактау да, даттау да емес. Канша айтсақ та, кандай іс қылсақ та, ол әркімнің өз өмірі. Мандайға жазылған тағдыры...

Әйтсе де, жастардын сана-сына отбасы туралы құндылықтарды, онын қадірі мен касиетті туралы мағыналы дүниелердің көбірек сіңірер болсақ, ұтaryмыз көп. Біздін сөзімізге Л.Ибраимовың отбасы құндылықтарына арналған «Казак этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесі» атты еңбегіндегі «Отбасы – ынтымақ пен берекенін үйыған орны, улғі алар мекені. Сондыктан «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп пайымдайтын қазак өмірлік ереженің жібін сабактап, әрі қарай жағластырып әкетуді үрпактың борышы деп санаған. Яғни ізгі мұрат – әкеге қарап үлдің, шешеге қарап қыздың өсүімен үштасып жатыр. Санағылых та, даналых та, иманжүзділік те, адамгершілік те бала бойына отбасының тәлімі арқылы дамиды, өзгермес касиетке айналады. Бұл казаки өмір салтының заңы» деген сөздері түзdyк бола алады. Демек, бала бойына даритын барлық адамгершілік касиет отбасындағы тәлімтәрбиеден бастау алса керек. Жанұядығы ата-ананың өзара сыйластығы, олардың бір-біріне деген құрметі, ақыл-кенестері бала үшін үлкен мектеп. Ендеше, үрпағын ізгілікке баулып, ұлы мен қызының тәрбиесін көзінен таса қылмай, имандылыққа тәрбиелеу – ата-ананың міндепті. Ал иман үялаган отбасында шанырақ шайқалуы мүмкін емес...

— Бәйіште-ау, қандай жермен құла болдық екен... Таныса салып салынты қоғейткендегіне қараста, оларға баласының бақтырым емес, ақшаның ролі маңыздырақ да деп калдым. «Бізде солай...» деген салты қоғейін кетті гой, тіпті...

— Мен де соны ойлан отырымын, отағасы.

— Баланда да ес жок. Сырын біл меген аламға ғашық болып... Үйленемге басты. Арты жақсы болып әйтесүір... — деді шай ішіп отырып Аскарбек аға...

— Неге булай дейсін отағасы-ау, үннаткан екен, қайрын берісін. Одан да қуданың алдына баруға кам жасайык.

— Өзің де байқаган шыгарсың, әлті болашақ көлінің кірік қакластан, бетіне тік қарастаңын. Үннады. Қыз бала деген болашақ ата-енесімен таңысуга келгенде аз да болса уялыш, жүзін томен салмаушы ма еді? «Егер кыз қозға тіке қараста үялыш, ата-анаңын оте жақсы тәрбие бергені» дегендегі естімеп не еді? Өз басым, бетіне белрійін қарастыңыздың босағамды аттағаның каламас едім. Жүзінен бір жылылық байқай алмадым гой...

* * *

Аскарбек аға мен Айман женгей тоғызы бала тәрбиелеп осірген жаңуя. Алдыңылдары жоғары білім алып, қызметін істеп жүр. Енді міне, тұла бойы тұнғышын үйлендірге кам жасап жатыр. Ұлы Темірлан үйленбек. Қуні кеше Темірлан болашақ жарын әке-шешесімен таңыстырымакка үйге ертіп келді. Есіктен еш қымсынбай кірген Зәуренің көлөгегінде қысқа болатын. Тізеден жоғары боласын ба, ата-анаңын алдыңда ерсілеу көрінді. Шашы беліне түсінімен, аркасында көбірек жайылып жатыр. Сораксыз сол, дастархан басына жайғаскан кезде де бойжеткеннін терге озып, ұлынан жоғары отырғаны еди.

Білем, баласының таңдауы үйдегі әке-шешеге ұнамалы. Себебі, болашақ көлінің әлі танып-біліп үлгерметен шаңырақта еш қымсынбай еркін сойлеуі, кім-кісі үйдегі үлкендегін көнілін шықлады. Әйтсе де, сезімдері арнасынан тасып жаткан жастардың бетінен қақсыз келметен ата-ана оларға кедері болмайык деп шешті. Үлдарын үйлендірді. Бір

ЖАР ТАНДАУДА ЖАҢЫЛМАЙЫҚ...

баласы екеу болған соң ел катарлы той жасады.

* * *

Жас отау иелерінде Темірлан мен Зәуренден аскан бақтырым жан жок. Көлін болып, босаға аттауы, ағайын туыстын «күтті болсын» айтып соңа келіп, ата-енеге шай беру, тіпті, үй жинаудың өзі Зәуре үшін болек сезім болатын. Құндар етіп жатты. Уақыт ете келе алғашкы кездегі алтын-шашкын албырт сезімнің жалыны басылып, күнделікті күйбен тіршілік басталды. Бұл отбасындағы ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастын қалыптастасын көзөн емес пе? Темірланның алдыңда уақытта бала-шағасын асырап, отбасына камкор болу жауапкершілігі тұрса, Зәуренің мойныңда әкесін құрметтейтін үрпак осіру міндетті тұрды. Алайда, әмірде барлығы біз ойланады бола бермейді гой...

* * *

Жас отбасы екі жылдай әке-шешесімен бірге тұрды. Кейіннен атанаңын еншісін боліп беріп, жеке отау болып, болек шыкты. Әмірде үш бала келген соң, Темірлан отбасын асырауда алдына жан салмады. Қішкентай бұлдыршіндеріне ұнтақтын еріп, калағанын жегізді. Бірақ Зәуреде «осы құнімі шүкір» дейтін қанагат болмады. Жалакыны уақытында ала алмай қалатын кездеген көз-келгеннің басында бар құбыльыс. Зәуре болса мұндағы қындықтарға тосыркай карат, шыдамсыздық танытудың әдете айналдырыды. «Қалауын тапса, кар жанатының» ол ешқашан ойлаган емес. Онын түсінігінде күйеу тек акша табатын адам секілді еді. Болашаңдан үұрыс шыгарып, кит етсе, кетемге басты. Зәуре құн өткен сайын күйеуінін миын жеп, аузынан ак ит кіріп, көк ит шығатын шайпау әйелге айналды. Малтапкыш күйеуінің жанына тиетін ауыр сөздерді карша боратын болды. «Табысын аз, ел секілді заулюм үйде тұра алмадым, да, онын бауырларының да жанын

алмадым». Зәуренің күйеуіне кояр бар кінәсі, міне, осы. Ал Темірлан болса, мінезе бай, сабырын жігіт еді. Кезекті «концепті» гой деп онша мөн бермеуге тырысытын. Үндемей қоятын. Әлбетте, бұл әрекет жұбайлық байланыстын үзілүшінән әкеліп согатыны белгілі. Ерлі-зайыпты деген болмаса, олардың арасында ешқандай жылылық калмады. Әйтте, бір үйде тұрып жатыр. Әркім өз әлемінен өмір сүрді. Негізінде, реніншін ішіне жинал, әкелеп беру — ауыр жүк, егер ол үдей берсе ауруға алып келетін рас екен. Темірлан жұбайнаның әрекетіне қанша ашуласа да, іштен тынатын. Ешкімге білдірмейтін. Алайда, жаман кылым байқалған үйден бақыт үркіп қашады екен. «Бір қун үрсінде үйден қырық құн ырыс кетеді» демекші, отбасында ешқандай береке калмады. Үйріс тамактанып, жүйкесі орнында болмағаннан кейін Темірланның денсаулығы сыр беріп, онын соны қандағы қант молшерінің қоғейіп кетуінен пайда болатын қант диабеті дертіне шаалдықтырыды. Ол-ол ма, дұрыс диета ұстамаган соң ауруға асқынып, ауруханадан бір-ак шыкты. Бауырлары кезек-кезек қасында түнеп, барлық ем-домын алуға көмектескінімен, өмір бойы бірге боламыз деген «сүйіктісі» қалын сұрауға жарамады. Ауруханага бармады. «Жұмыстан босай алмадым» деген сұлтау Зәуренің ұранына айналды. Бұл, әлбетте, Темірланның да, онын бауырларының да жанын

**Әке жүрөгі
таудан
үлкен,
Ана жүрөгі
төңізден
терен.**

● Omirdiң өзі

ауыртты. Құдай басқа салмасын, егер аяқ асты ауырып, төсекке танылсан ен бірінші Алланың, екінші дәрігердін, үшіншіден жұбайының назары ауадай кажет емес пе?! Айналандағы жанашырлардың бауырдың жөні бір болек өрин. Осы тұста Шал ақынның жар тандудағы мына бір елени:

«Әдел аласаң қаралап ал ақылдысын,
Сол болар басқалардан жақаңын кісін.
Ағайынга, туысқа қайырлыса,
Дүниеде нағыз соғай, макұл кісін.
Ере – аю, балага – қасқыр боласа,
Ондай қатын алеаның

күні құрсын» — деген өлөні еріксіз ойға оралады екен. Иә... ауырсан — шипа іздейтін, киналсан — жаныннан табылатын, әлсіреп қалсан — күш-куат беретін, қуаныш пен қайына бірдей ортактасатын, ен дәмдін бірге беліл жеітін, әмірдін ыстығы мен сұзына, қызығы мен шыжығына бірдей төзе білетін, тіпті, ашуласан — кешіре алатын жар құшқанға не жетсін, шіркін!

